

Еңбек түбі – зейнет

«Кітапхана – білім көзі, кітапханашы – оның тірегі»- деген сөздің өзі көп мағынаны береді. Кітапхана қазынасын көздің қарашығындай сақтап, насихаттап оқырмандарға қызмет ететін кітапханашылардың еңбегі зор.

Биыл Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің құрылғанына 80 жыл толып отыр. Осы мерейтойға орай Ақтүбек ауылдық үлгілі кітапханасында кітапхана саласында отыз жыл үздіксіз қызмет атқарып, құрметті ардагер атанған, кітапханашы Ж.Кәрібаева тікелей эфирде сыр – сұхбат өткізілді.

Сұхбат барысында оқырмандар тарапынан сұрақтар қойылды. Жамал апай кітапханаға алғаш қалай келіп, еңбек жолын бастағанын, алған марапаттары мен ерекше оқырмандары жайлы айтып, қазіргі таңда сол оқырмандарының жетістіктері туралы баяндады. Соңында кітапхана ұжымына жүрекжарды тілегін, ризашылығын білдірді.

**Б.Анишева,
Ақтүбек ауылы**